



ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ



ESG–САУАЛНАМАСЫН ЖҮРГІЗУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Кепілдік беру және субсидиялау бойынша әлеуетті құрылыс салушылар арасында жүргізілген ESG–сауалнамасы



Астана қ.

2024

«ҚТК» АҚ
Талдау және стратегия
департаменті



ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ



Кепілдік беру және субсидиялау бойынша әлеуетті құрылыс салушыларға арналған ESG-сауалнама әзірленді және «Тұрғын үй порталы» АЖ-ның «Сауалнама» бөлімінде орналастырылды.

«Тұрғын үй порталы» АЖ-да орналасқан сауалнама сұрақтары тұрақты практикаларды сақтауға және дамытуға бағытталған құрылыс компаниялары қызметінің әртүрлі бағыттарын қамтыды.

Олардың қызметінде тұрақты даму қағидаттарын енгізу деңгейін анықтау, экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік салалардағы күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында Талдау және стратегия департаменті ұсынылған жауаптарға талдау жүргізді.



33

Компания сауалнамаға қатысты



Құрылыс салушылар арасында жүргізілген ESG-сауалнамасы қамтыды:



Тұрақты даму қағидаттарын білу



Экологиялық практиканы қолдану



Әлеуметтік жауапкершілік




Корпоративтік басқару мәселелері



Құрылыс салушылар арасында жүргізілген ESG-сауалнамасы мыналарды көрсетті:

Тұрақты даму қағидаттарын білу


Нәтижелер қатысушылардың 52% тұрақты даму принциптері және олардың өз қызметі үшін маңыздылығы туралы білетінін көрсетті. Сонымен қатар, респонденттердің 36% бұл күн тәртібімен таныс емес, бұл тұрақты даму саласындағы хабардарлықты одан әрі арттыру қажеттігін көрсетеді. Қатысушылардың 12% бұл сұраққа жауап бермеді, бұл олардың жұмысындағы ESG маңыздылығын түсінбеуді немесе түсініксіздігін көрсетіп отырғаны ықтимал.



Қатысушылардың тұрақты даму принциптерімен олардың өз қызметтеріне маңызды екенінен хабардар

Экологиялық практиканы қолдану

Сауалнамада құрылыс салушылар қызметінің экологиялық аспектілеріне қатысты 8 мәселе қарастырылған. Оң жауаптардың орташа көрсеткіші небәрі 45% болды, бұл құрылыс салушылардың экологиялық бастамаларға құлықсыздығын айғақтайды. Бұл экологиялық таза материалдарды пайдалану, көміртек ізін азайту, энергияны үнемдейтін технологияларды қолдану және жасыл құрылысты қолдау сияқты экологиялық практикаларды белсенді енгізу қажеттілігін көрсетеді. Экологияға елеулі назар аудармау - респонденттердің әлсіз тұсы.



Экологиялық мәселелер бойынша оң жауаптардың орташа көрсеткіші




Әлеуметтік мәселеге баса назар аудару

Әлеуметтік жауапкершілік саласында оң үрдіс байқалады. Сауалнаманың әлеуметтік аспектілерге қатысты 7 сұрағына 77% оң жауап берді.

Бұл құрылыс салушылардың инклюзивті ортаны құру, ығайлы тұрғын үйді қамтамасыз ету және жұмысшылардың құқықтарын сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік бастамалармен белсенді айналысатынын растайды.

Осылайша, әлеуметтік мәселелер құрылыс салушыларда ESG күн тәртібінің мықты жағы болып табылады.




Әлеуметтік мәселелер бойынша оң жауаптардың орташа көрсеткіші

Корпоративтік басқару мәселелері

Корпоративтік басқаруға қатысты мәселелер де оң нәтиже көрсетті: респонденттердің 60% астамы ашықтықты, есептілікті және өзге де шараларды қоса алғанда, тиімді корпоративтік басқару қағидаттарын енгізуге дайын екендіктерін білдірді.

Бұл компаниялардың тұрақты даму үшін корпоративтік этика мен басқару стандарттарын сақтаудың маңыздылығын түсінетіндігін көрсетеді.



Корпоративтік басқару мәселелері бойынша оң жауаптардың орташа көрсеткіші



ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ



Қорытынды

Жалпы алғанда, сауалнама нәтижелері ESG күн тәртібінің өзектілігін көрсетеді, бірақ жақсартуды талап ететін маңызды бағыттары бар, әсіресе экологиялық салада.

Құрылыс салушылар жасыл сертификаттарды алу, инклюзивті ортаны құру, міндетті есептілікті енгізу және т.б. сияқты ESG интеграциялау құралдарын пайдаланады.

Экологиялық, әлеуметтік құрамдас бөліктер мен корпоративтік басқару бөлінісінде құрылыс салушылардың сауалнамасының қорытындысы қосымшада беріледі.


Қазіргі уақытта кепілдік беру және субсидиялау жөніндегі жобаларды қарау кезінде ESG - сауалнаманы міндетті құжаттар топтамасының тізбесіне енгізу мәселесі пысықталып жатыр.



Қосымша

№1 сұрақ


Сіз ESG-күнтәртібі туралы білесіз бе? (E (environmental) қоршаған ортаны қорғау, s (social) — қызметкерлермен, клиенттермен және қоғаммен қарым-қатынас, G (corporate governance) - корпоративтік басқару стандарттары).



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІК

№2 сұрақ

Сізде "жасыл" сертификат бар ма? Егер жауап "иә" болса, сертификат атауларын көрсетіңіз.






ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ




№3 сұрақ

Объектіні салу кезінде пайдаланылатын экологиялық материалдардың үлесі қандай?



№4 сұрақ

Материалдарды қайта өңдеу және қайта пайдалану сияқты қалдықтарды басқару технологияларын енгізу жоспарларыңыз бар ма?






ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ




№5 сұрақ

Сіз көгалдандыру және табиғи ресурстарды қалпына келтіру бағдарламаларын іске асырасыз ба?



№6 сұрақ

Сіздің жобаңызда тұрғындар үшін қоқысты бөліп жинау қамтамасыз етілген бе?






ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ




№7 сұрақ

Сіздердің құрылыс алаңдарыңызда жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша бағдарламалар бар ма?



№8 сұрақ

Сіз құрылыс барысында ауаны ластау мен шуды азайту үшін технологияларды пайдаланасыз ба?






ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ



№9 сұрақ


Сіз көміртек ізі аз жаңа құрылыс материалдарын енгізіп жатырсыз ба?



ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРАМДАС БӨЛІК

№10 сұрақ


Сіздің компанияңызда денсаулық сақтау мен қауіпсіздік саласындағы саясат бар ма?






№11 сұрақ

Сіз жергілікті қоғамдастықты дамыту және жұмыс орындарын құру бағдарламаларын іске асырасыз ба?



№12 сұрақ


Сіздің компанияңызда денсаулық мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер бар ма?






№13 сұрақ

Сіздің жобаларыңызда мүмкіндігі шектеулі жандар/мүгедектер үшін қолжетімді кедергісіз орта қамтамасыз етілген бе (мысалы, пандустар, арнайы лифттер, бейімделген кең есіктер, сырғанамайтын жабындылар, табалдырықтың болмауы, арнайы тұтқалар)?



№14 сұрақ


Халықтың қозғалысы шектеулі топтарына/мүгедектігі бар адамдарға Компания бірінші қабаттарды (пәтерлерді) бейімдеп беруге дайын ба?






№15 сұрақ

Компания ҚТК көмектесетін халықтың осал топтарына тұрғын үй бөлігін беруге дайын ба?



№16 сұрақ

Құрылыс жүргізіп жатқан өңірлерде қайырымдылық пен қоғамдық бастамаларды іске асырасыз ба?






КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ


№17 сұрақ

Сізде құрылыс саласында жастар мен жаңа мамандарды қолдауға арналған бағдарламалар (оқыту, тағылымдама, одан әрі жұмысқа орналастыру) бар ма?



№18 сұрақ


Шешім қабылдауда ашықтық пен есеп беруді қамтамасыз ету үшін тетіктер қарастырылған ба?






№19 сұрақ

Сізде қызметкерлерге арналған Әдеп кодексі бар ма?



№20 сұрақ


Өз қызметіңізге тұрақты түрде ішкі және сыртқы аудит жүргізіп тұрасыз ба?






№21 сұрақ

Сізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бар ма?



№22 сұрақ

Сізде тәуекелді басқару жоспары бар ма?






ҚАЗАҚСТАН
ТҰРҒЫН ҮЙ
КОМПАНИЯСЫ




№23 сұрақ

Сізде экологиялық бастамалар және энергиялық тиімділікпен айналысатын арнайы қызметкерлер немесе бөлім бар ма?



№24 сұрақ


Сізде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін корпоративтік басқару кодексі бар ма?






№25 сұрақ

ESG сұрақтары бойынша халықаралық ұйымдар және сарапшылармен жұмыс жасайсыз ба?



№26 сұрақ


Тұрақты энергетикалық шешімдерді ілгерілету үшін сыртқы серіктестермен (мысалы, ҮЕҰ, мемлекеттік ұйымдар, университеттер) жұмыс жасайсыз ба?





№27 сұрақ

Тұрақты құрылыс пен энергияны үнемдеу саласында жаңа технологияларды әзірлеу мен зерттеуге қаражат бөлесіз бе?



№28 сұрақ

Құрылыс жобаларыңызды іске асыру үшін "жасыл" қаржыландыруды алу жоспарыңызда бар ма?

